

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

Н. АБДИКАРИМ¹ 

А.Ш. АСҚАРОВА² 

К. М. ҮМБЕТБЕКОВА³ 

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана, Қазақстан¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан²

Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан³

(e-mail: nursana@yandex.ru¹, altynai-74@mail.ru², umbetbekova@mail.ru³)

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ІШКОРПУСЫН ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада Абай өлеңдерін лингвистикалық корпус технологиясын пайдалана отырып, морфологиялық тегтеу және поэтикалық параметрлері бойынша белгіленім жасау маңыздылығы қарастырылған. Жалпы жеке автордың шығармалары, яғни идиостиль бойынша корпус әзірлеу әлемдік лингвистикада бұрыннан бар. Сонымен қатар аз болса да поэтикалық корпусы жасалған елдер де жоқ емес. Абай өлеңдерінің ішкорпусын жасауды қолға алу үшін жеке шығармашыл тұлғалардың және түркі (башқұрт), орыс, чех, парсы тәрізді поэтикалық корпусы әзірленген елдердің тәжірибелері зерттелуі қажет. Сонымен п, осы бағыттағы барлық ғылыми еңбектерге шолу жасалды.

Идиостиль дегеніміз белгілі бір автор шығармасына тән мағыналық және формалдық лингвистикалық сипаттамалардың жүйесі болып табылады. Қазіргі таңға дейін Абай шығармаларының көркемдігі мен тақырыптық-идеялық жағына, яғни мәні мен мазмұнына көп көңіл бөлініп, поэзиясының формалдық-лингвистикалық сипаттары дәстүрлі өлеңтану тұрғысынан (буын саны, тармақ, шумақ, ұйқас және т.б.) зерделенді. Осы мәселеге орай, мақалада қазақтың Ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының поэтикалық шығармаларын заманауи сұраныстарға сай цифрландыру және оны тек қана мәліметтер базасындағы жалпы деректер жиынтығы ретінде ғана емес, оны білім беру, мемлекеттік тілді өзгетілді ортада оқыту, ғылыми зерттеулерге кеңінен қолдануға және т.б. пайдалануға жол ашатын белсенді дереккөзіне айналдыру маңыздылығы сөз болады.

Түйін сөздер: Абай, поэзия, идиостиль, ішкорпус, лингвистика, морфологиялық тегтеу, өлең параметрлері.

Кіріспе. Қазіргі цифрландыру заманында ғылыми және практикалық мақсатта нақты материалдарды іздеу, жинау, сақтау және оны өңдеу үшін тілдік корпустардың көлемін ұлғайтып, белгіленімдерінің барынша толық жасалу қажеттілігі туындап отыр. Корпус дегеніміз – әртүрлі функционалдық бағыттағы мәтіндердің электрондық жинақтары және олардың тілдік белгіленім жасалған электрондық нұсқасы. Қазақ тілінің Ұлттық корпусын жасау – еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі. Осы бағытта А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қазақ тілінің Ұлттық корпусын [1], Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қазақ тілінің ұлттық корпусының [2] публицистикалық ішкорпусын әзірлеу үстінде. Тіл білімі институтының

әзірлеген корпусында көркем мәтіндер, поэзия және т.б. мәтіндер енгізілгенімен, оларға толыққанды лингвистикалық белгіленім жасала қоймаған. Соңдықтан, ең бірінші кезекте Абайдың поэтикалық шығармаларының корпусын жасауды қолға алған жөн. Өйткені проза тілінде жазылған шығармаларын («Қара сөздерін») елімізде жасақталып жатқан тіл корпустарының үлгісінде морфологиялық тегтеу амалдары мен формулаларын пайдалану арқылы әзірлеп шығу қиындық тудырмайды. Қазақ өлеңі бойынша поэтикалық корпус жасау тәжірибесі өзекті. Әдетте лингвистикалық корпустарға морфологиялық, семантикалық, метамәтіндік белгіленімдер жасалады; ал поэтикалық корпусқа осылармен қатар өлең параметрлері бойынша арнайы белгіленім қосылады, яғни өлеңнің әрбір жолына метрикасы (буын саны), ұйқасы (клаузула), тармақ, бунағын көрсетіп тұратын арнайы белгілер қойылады. Осыған орай дәстүрлі әдебиеттанудағы өлең теориясына қатысты көптеген ұғымдар мен түсініктерді қайта қарастыру, жетілдіру және әлем филологиясының жаңа жетістіктері мен тенденцияларын пайдалану, әдебиеттану мен лингвистиканы ұштастыру қажеттілігі туындайды; лингвистикалық корпус IT-технологиялардың көмегімен іске асырылатыны белгілі. Демек бұл жұмыс пәнаралық зерттеулер, анығырақ айтқанда, лингвистер мен әдебиеттанушылар, IT саласының мамандарының бірлескен қызметінің арқасында жүзеге асырылады.

Соңғы кезде корпустық зерттеулер бойынша әлемдік рейтингісі жоғары журналдарда жарық көретін мақалалардың да саны артуда. Мысалы, In the last five years, the total number of countries whose research results have been published in the Scopus database on the problems of corpus linguistics is 67. We have selected the top 11 countries with no fewer than 10 publications in Figure 5. Among the countries, the USA is in the highest place and owns 82.6% of publications. The statistics on the top 10 of the index showed that the USA (1118), Russia (196), China (66), Turkey (57), Great Britain (54), Germany (46), Canada (24), India (24), Israel (18), France (14) are leading in the number of publications. According to the bibliometric results of the last five years, among the Central Asian countries participating in Scopus with indexed publications are Uzbekistan (3), Kazakhstan (2), Tajikistan (2) [3]. Көріп отырғанымыздай, біздің ғалымдардың осы саладағы еңбектері саусақпен ғана санарлық. Егер әлемдік ғылыми тенденциялардан қалыс қалмаймыз десек, барлық бағыттағы тілдік корпустарды әзірлеп, оның ішкорпустарын көбейту, оны ғылыми-практикалық мақсаттарда пайдалану, нәтижесі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Компьютер лингвистикасының мүмкіндіктері мен амал-тәсілдерін көркем шығармаларды, оның ішінде поэтикалық туындыларды зерттеу, автоматтандырылған жүйеге енгізу үшін оны лингвистикалық құрылымдау, формалдау, модельдеу және морфологиялық тегтеу әдістемесін әзірлеу қажеттілігі осы мақаланың маңыздылығын көрсететін бір критерий болып табылады. Сонда ғана лингвистика мен әдебиеттану ғылымдарының теориялық және әдістемелік заманауи жетістіктеріне негізделген, корпустық критерийлер, принциптер мен стандартқа сәйкес Абай өлеңдері мәтінінің жүйеленген корпусы жасалады. Мақалада осы мәселенің зерттелу барысына шолу жасалып, объективтік талдау әдісі, жүйелі және жиынтық мәліметтерді синтездеу, сондай-ақ, салыстырмалы-типологиялық талдау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. IT-технологиялардың, жасанды интеллектінің дамуы филология ғылымында мәтінді автоматты түрде өңдеу жаңалығын әкеліп қана қойған жоқ, оны жинақтау, үлкен көлемдегі мәтіндеректерді кез келген пайдаланушыға қолжетімді ету мүмкіндігін тудырды. Осыған орай әлемдік сипаттағы digital humanities ғылыми идеологиясы қалыптасып, білім мен ғылымын дамытуды көздеген кез келген ел осы үрдістен қалыс қалмауды мақсат етуде. Қазақ ғылымы да жаһандық ғылымның бір бөлшегі болғандықтан, бұл үрдіске қосылуды заман талап етіп отыр. Осы мақсатта еліміздің цифрландыру саясаты жүзеге асырылып, қазақ тілінің ұлттық корпусының кейбір ішкорпустары жасалып жатқаны белгілі.

Жоғарыда («Кіріспе» бөлімінде) атап өткеніміздей, қазақ тілінің ұлттық корпустары морфологиялық белгіленімдермен жарақталып, қазақ сөзінің лексика-грамматикалық

ақпаратына қол жеткізуге мүмкіндік беретін анықтамалық база қызметін атқаруда. Шын мәнінде, жан-жақты мәліметтермен қамтылған корпус тек практикалық емес, ғылыми зерттеулерде де пайдаланып, мәтінді өңдеу, тілдік деректердің тарихы мен қазіргі күйін салыстыру, даму тенденциясын айқындау тәрізді көптеген мәселелерді шешу үшін пайдалануға болады. Сондықтан да Корпустарды жетілдіру, әртүрлі жанрадағы және стильдегі (барлық функционалдық стильдер бойынша) мәтіндер санын көбейту, іздеу жүйесін жақсарту, белгі, метабелгі қою сапасын арттыру, лингвистикалық белгіленімді тереңдету (синтаксистік-семантикалық), омонимия мәселесін шешу және т.б. жұмыстарды атқару қажеттілігі сөзсіз. Сонда ғана ол ғылыми зерттеулердің базасына, аударма ісі, оқыту, білім беру үдерісіне және т.б. қажеттіліктердің маңызды алаңына айналады.

Қазіргі кезде дүние жүзінде Ұлттық корпусар аясында қытай, чех, орыс, парсы, башқұрт поэтикалық корпусары жасалған. Мысалы, XIX-XX ғ. башқұрт ақындарының өлеңдері қамтылған корпустар барлық мәтіндердің морфологиялық және поэтикалық белгіленімдері жасалған [4]. Онда грамматикалық тегтелген сөз таптары, сөз түрлендіруші категориялар және поэтикалық параметрлер (метр, рифмалық позиция), сөздің орыс тіліндегі семантикалық баламасы берілген. Сонымен қатар метамәліметтер (автор, атауы, жанры, уақыты) де көрсетілген. Осындай корпусарды әзірлеу Абай мұраларынан басталып, ол Қазақ поэтикалық ішкорпусын жасаудың үлгісі ретінде танылуы тиіс.

Поэтикалық корпусардың қажеттілігі қазіргі заманауи сұраныстардан туындайды. Электрондық тасымалдағыштағы немесе Google тәрізді алпауыт іздеу жүйелерінде жинақталған мәтіндер де корпус ретінде қабылданғанымен, оның бәрі оқыту, білім беру, зерттеу үшін толыққанды мәлімет бере алмайды. Мысалы, «Абайдың есім сөзден туынды сын есім жасайтын, етістіктен туынды сын есім жасайтын сын есімдері бар өлең керек еді» тәрізді сұратым интернетте көптеп кездеседі. Абай шығармалары жөніндегі еңбектерді, зерттеулерді, анықтамалықтарды, Абай мәтіндерін және т.б. мәліметтерді ғаламтордан оңай тауып алуға болатындығына қарамастан, дәл осы сұратынымды қанағаттандыратын жауап табылмайды. Ал поэтикалық корпусары жасалған тілдер үшін бұл еш қиындық тудырмайды. Сонымен қатар Абай өлеңдері бойынша белгілі бір статистикалық деректерге қол жеткізу үшін ізденуші мәтіндерді тауып, бірнеше дереккөздерін салыстырып, оны word-тағы «Іздеу» функциясы арқылы анықтауға немесе қолмен санауға мәжбүр болады.

Жалпы алғанда, тілдік корпусарды пайдаланушылар мыналар: «1. лингвисты, филологи, текстологи 2. программист, работающие в области автоматической обработки текстов 3. преподаватели как родного, так и иностранного языка 4. иностранцы, изучающие данный язык 5. журналисты, редакторы газет и журналов 6. так или иначе все специалисты, работающие со словом» [5, 26]. IT-технологиялардың жаңа өнімдері жиі таныстырылып жатқан қазіргі кезде тілдік корпусарды тұтынушылардың саны артпаса, кемімейтіні сөзсіз.

Негізінен, Абай шығармаларын сандық жүйемен өңдеу өткен ғасырдың 70-ші жылдары басталып, «Тұңғыш рет қазақ тілі білімінің тарихында бір ғана автордың (Абайдың) жазба түріндегі шығармалар тілі толық қамтылып, әр сөзі мен сөз тіркесінің қолданылу жиілігіне көңіл бөлінді» [6, 24]. Бұл түсіндірмелі әрі әліпби-жиілік сөздік ретінде дәстүрлі картотека жасау жолымен жасалған Қазіргі кезде мұндай жұмыстар компьютердің көмегімен және ол тілдік корпусар базасы арқылы орындалатыны белгілі. «На самом деле, конечно, корпус – нечто большее, чем просто техническое подспорье. Это фактически справочно-информационная система, позволяющая получать ответы на самые неожиданные вопросы. Более того, позволяющая ставить новые проблемы, которых лингвистика прошлого почти не касалась» [7, 12]. Ал Абай поэзиясының негізінде жасалатын корпусар лингвистика ғылымы ғана емес, өлеңтану ғылымы үшін де маңызды болмақ. Оның арқасында өлең сөздің қарапайым эмпирикалық бақылау барысында көзге іліне бермейтін қырлары ашылып, абайтану саласы бойынша жаңа міндеттер қойылатын болады.

Абай өлеңдерінің негізінде жасалатын поэтикалық корпустар негізгі екі белгіленім жасалуға тиіс: 1) морфологиялық белгіленім; 2) поэтикалық параметрлер белгіленімі.

Біріншісі қазақ тілінің қазіргі қолданыстағы корпустарының тәжірибелеріне сүйене отырып, ондағы озық әдіс-тәсілдерді оңтайлы пайдалану арқылы жасалады. Ал екіншісі қазақ лингвистикасында бұрын-соңды жасалмағандықтан, чех, орыс, парсы және түркі тілдерінің тәжірибелеріне сүйенуге болады. Сонымен бірге корпуста метадеректер де (мәтіннің негізгі параметрлері) қамтылады: өлеңнің атауы, авторы, жазылу орны, сөзформасының, тармақтың саны, жанры және т.б. Бір сөзбен айтқанда, поэтикалық корпус қазақ поэзиясы мен поэтикалық тілін және лингвистиканың түрлі мәселелерін зерттеушілерге арналған электрондық әмбебап құрал ретінде қызмет көрсете алатындай болуы керек. Поэтикалық корпуста қамтылатын «Набор параметров стиховедческой разметки в целом общепотребителен во всех исследованиях стиха. Это метр, длина строки, клаузула (то есть окончание строки), строфика и ее графическое представление, способ рифмовки и разного рода дополнительные особенности структуры, учет которых может оказаться важным» [8]. Корпусқа қамтылатын бұл параметрлер мен белгіленімдер арнайы әдебиеттерді жинақтау, кең көлемдегі мәтіндерді өңдеу сияқты ұзақ уақытты қажет ететін міндеттерді қысқа мерзімде автоматты түрде шешуге мүмкіндік береді. 1968ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Абай тілінің сөздігін» әзірлеуге 6 жыл қажет болған. Қазіргі кезде цифрлық технологиялардың көмегімен деректерді жылдам жинақтау мүмкіндігі бар. Бірақ онда ешбір талдау жасалмаса, практикалық қолданыс үшін ғана қажет болып қалады. Яғни корпусты ғылыми міндеттерді шешу үшін пайдалануымыз керек. Мысалы, башқұрт поэтикалық корпусынан мына сұрақтардың жауабын алуға болады деп көрсетілген:

- какое слово (X или Y) чаще встречается в башкирской поэзии?
- какое слово (X или Y) чаще встречается в поэтических текстах автора Z?
- какая грамматическая форма (X или Y) преобладает в творчестве поэта Z? – встречается ли в башкирских стихах, написанных в период с t1 по t2, слово (или грамматическая форма) X?
- слово (или грамматическая форма) X чаще встречается в стихах, написанных метром Y или метром Z?
- встречаются ли (и насколько часто) слова X и Y в одной строке в башкирских поэтических текстах? [4].

Осындай мәліметтерді алу үшін Р. Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі», Р. Нұрғалидың «Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі» және т.б. зерттеуші-ғалымдардың көптеген еңбектеріне сүйене отырып, кешенді талдау жасау платформасы ретінде корпусты жасақтауға болады. Ұлы ақынның «Искусно соединяя в произведении разные способы рифмовки, Абай создает стих, сочетающий в строфе семь различных рифм. И это не считая внутренних рифм, тоже введенных в структуру размер» [9, 322] шеберлігі баршаға мәлім. Осы ұйқастардың (ішкі және тармақтың бас, аяғындағы) ерекшелігі, статистикалық көрсеткіші, ұйқасу тәртібі және ол жайында автоматтандырылған т.б. мәліметтер алу поэтикалық корпус құру нәтижесінде қол жетімді болады. Американдық славянтанушылардың арқасында Пушкин, Баратынский, Батюшков, Тютчев тәрізді орыс ақындарының конкордансы мен өлең ұйқасының сөздігі құрастырылды [10, 8]. Мұндай сөздіктің филологиялық еңбектерді цифрландыру, мәтінді автоматты түрде тану т.б. жұмыстары жүргізіліп жатқан қазіргі кезеңде қажеттілігі арта түспек. Сонымен қатар «... математический аппарат рецензируемого исследования гораздо более «продвинуто», чем в большинстве современных стиховедческих работ» [11]. Цифрландыру заманындағы IT-технологиялардың, жасанды зерденің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ұлтымыздың ұлы адамдарының шығармашылығы мен мұрасын зерттеуді, насихаттауды жаңа белеске көтеру үшін ақын-жазушылардың мәтіндері бойынша «... корпусын құру кезінде мәтіндік дерекқорға зерттеліп отырған дәуірде жазған авторлардың максималды санын енгізу міндеті тұр» [12, 22]. Бұл міндетті жүзеге асыру Абай шығармаларының ішкорпусынан бастау алғанда ғана жүргізілетін жұмыстар объективті әрі нәтижелі болмақ. Өйткені қазақ филологиясында Абайдан артық жан-жақты зерттеулерге арқау болған ақын-жазушы

кемде кем. Абай тілінің жиілік сөздігінің жасалғандығы да бұл мәселенің шешімін табуды жеңілдетеді. Сөз болып отырған поэтикалық ішкорпус қоғамның әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық аспектілері бойынша қалам тербеген бұрынғы-соңғы ақындардың шығармаларын талдау алаңына айналатын болады.

Нәтижелер. Абай өлеңдері негізінде поэтикалық ішкорпус құрудың маңыздылығы және онда қамтылатын мәліметтер туралы баяндалды. Егер сөз болып отырған Корпус құрылып, оның онлайн нұсқасы әзірленетін болса, оны пайдалану нұсқаулығы, тиісті ұғымдар мен терминдер тізбесі Ғаламтор желісінде орналастырылады және еркін қолжетімді ресурс көзіне айналады. Абай ішкорпусының негізінде болашақта Қазақ өлеңдерінің поэтикалық корпусын жасау жобасы жүзеге асырылып, ол рухани мұралармызды цифрлық нұсқада сақтау және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, әлемдік кеңістікте қазақ өлеңдерінің құрылым-құрылысы мен техникасын таныстыруға қызмет етеді.

Абай мұрасын жан-жақты таныту, пәнаралық зерттеулер жүргізуге оң ықпал етеді, экономикалық секторда жоғары сұранысқа ие, коммерцияландыруға болатын нәтижелер береді. Қазақ өлеңдерінің мәтінін цифрлық өңдеуді жүзеге асыратын бағдарламалық жасақтама әзірленеді.

Әдеби мәтінді цифрландыруға қажетті материалдар, поэтикалық ішкорпусқа қажетті лингвистикалық белгіленім және поэтикалық параметрлер, метадеректер жүйесі, ғылыми әдебиеттер, зерттеу еңбектерінің жасақталған базасы құрылады.

Корпустан іздеудің екі тәсілі – лексикалық және грамматикалық тәсілдермен қатар поэтикалық параметрлер де қолданылады, яғни жеке сөздерді ғана емес, сөздердің грамматикалық белгілері, формалары, экстралингвистикалық белгілері бойынша іздестіру мүмкіндігі болады.

Абай өлеңдерінің жүйеленген корпусы тілді дамытуға, жүйелеуге, зерттеуге, стандарттауға септігін тигізеді. Сөздіктер жасау, қазақ өлеңінің ұйқасы, грамматикалық формалар мен өлең ырғағының арақатынасы, тармақ пен сөздің ұзындығы, оның поэтикалық сипаты, Абай поэзиясындағы сөздердің қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа көрінісі, жаңаша сипаты немесе синонимдерін анықтау т.б. жұмыстарды автоматтандыру мәселесі шешімін табады. Зерттеушілер, ғалымдар, оқулық құрастырушылар электрондық базадағы құрал ретінде пайдалана алады.

Абай корпусының құрылуы ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясының ерекшелігін танытуға репрезентативтік қызмет атқарады. Поэтикалық туындыларды дәстүрлі әдіспен зерттеу, талдау үшін қыруар уақыт қажет етілетін болса, корпустан екі параметр бойынша (құрылымдық және поэтикалық белгілері бойынша) іздеу арқылы жұмыс автоматтандырылады әрі нәтижесі біршама дәлдікпен берілетін болады. Бұл өз кезегінде корпусты қолданушыларға лингвистикалық және әдебиеттану саласының мәліметтерін оңай, тез қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Поэтикалық корпус құру үшін оның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын шешу үшін стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, сипаттаушылық, корреляциялық немесе эксперименттік талдаулар жүргізілетін болады.

Қорытынды. Абайдың поэтикалық ішкорпусының негізгі тұтынушылары мен пайдаланушылары ретінде келесі сала мамандарын атауға болады: қазақ тілі пәнінің мұғалімдері (балабақша тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері, курс мұғалімдері), қазақ тілі пәнінің оқытушылары (орта және жоғары оқу орындарында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын оқытушылар, филолог, лингвист мамандар даярлайтын қазақ тіл білімінің салаларын оқытатын оқытушылар), баспасөз редакторлары (газет, журнал, сайт, портал, мерзімді және электронды БАҚ редакторлары мен корректорлары), тіл саясаты саласындағы мамандар мен ғалымдар, лингвистер, әлеуметтік тілтанушылар, IT мамандары, орта және жоғары мектеп оқушылары, магистранттар мен докторанттар, саясаткерлер мен журналистер, қазақ тілін ұлттық және мемлекеттік тіл ретінде тұтынатын жалпы қалың жұртшылық және т.б.

Абай өлеңдері ішкорпусын әзірлеу қазақ филологиясы үшін теориялық және практикалық, әдістемелік жағынан жаңа талпыныс қана емес, соның негізінде төмендегідей жаңа міндеттер шешімін табатындығымен де маңызды болып табылады: 1) лингвистика мен әдебиеттің негізгі ұғымдары кіріктірілген корпус ретінде осы саланың зерттеулеріне, оқу үдерісіне, аудармаға, тіл үйренуге, мәтінді автоматты өңдеуге т.б. мақсатта қолдануға болатын дайын мәліметтер базасы бола алады; 2) Абай поэзиясында қолданылған сөздердің өзгеру жағдайы, динамикасы мен қазіргі поэтикалық тілдегі тенденциясын салыстыруға мүмкіндік береді; 3) өлеңнің құрылысы, буын саны, инверсия, тармағы мен шумағы т.б. жайында нақты деректер қамтылады; 4) Абай өлеңдері бойынша толыққанды мәліметпен әлемнің кез келген нүктесінде отырып танысуға болады, яғни қазақ әдебиетінің мұрасы дүниежүзілік кеңістікте қолжетімді болып, оны шетел ғалымдарының зерттеуіне де жол ашылады.

Ұлы Хакімнің поэтикалық ішкорпусын әзірлеу қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін, әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі танымалдылығын арттырады, қазақ өлеңі жайында автоматты түрде ғылыми негізделген мәліметтер алу мүмкіндігіне қол жеткізіледі.

Еліміздің цифрландыру саясатын гуманитарлық ғылымдар бойынша жүзеге асыруға үлес қосып қана қоймайды, корпус технологиясын пайдалану арқылы қазақ өлеңін заманауи әрі әлемдік санатта зерделейтін отандық және әлемдік зерттеушілердің легі қалыптасуына ықпал етеді. Корпустағы белгіленімдер практикалық тұрғыдан қазақ өлеңінің құрылымы мен құрылысы, грамматикалық ерекшеліктері сияқты оқыту мен білім беру үдерісіне қажетті мәліметтерді алуға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер

1. Тіл білімі институтының корпусы. URL: <https://qazcorpus.kz/find/>.
2. Тіл қазына корпусы. URL: <https://best.qazcorporea.kz/>.
3. Mengliye B.R., Namroyeva Sh., Abdullayeva O. Scopus-based bibliometric analysis on corpus linguistics for the period of 2017-2021 // XVI International Scientific and Practical Conference “State and Prospects for the Development of Agribusiness – INTERAGROMASH 2023», DOI: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202341303008>
4. Башкирский поэтический корпус // URL: <http://web-orporea.net/bashcorpus/search/>.
5. Грудева Е.В. Корпусная лингвистика. Электронный ресурс: учебн. Пособие / Е.В Грудев. – 2-е изд. Стер. – М.: Флинта, 2012. – 165 с.
6. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы: Оқу құралы. – Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 209 б.
7. Плунгян В.А. Зачем нужен Национальный корпус русского языка? Неформальное введение // Национальный корпус русского языка: 2003 – 2005. – М.: Индрик, 2005. – С. 12-17.
8. Корчагин К. М. Зачем нужен поэтический корпус и как его использовать // Русская речь. 2019. – № 6. – С. 113–127.
9. Ахметов З.А. Казахское стихосложение (Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии). 2-е изд. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 446.
10. Баранхин В.Б., Кожемякина О.Ю., Забайкин А.В., Хаятова В.Д. //Автоматизация комплексного анализа русского поэтического текста: модели и алгоритмы // Вестник НГУ. Серия: Информационные технологии. 2015. – Т-13, №3. – С. 5-18.
11. Корчагин Г.М. Орехов Б.В. Башкирский язык XX века. Корпусное исследование // Известия Российской Академии наук. Серия литературы и языка. – 2020. – Т-79, №5. – С. 104-109. URL: <https://izv-oifn.ru/s241377150012301-4-1/> DOI:10.31857/S241377150012301-4
12. Amirbekova A.B., Mamyrbek G.M., Talgatqyzy G., Urakova Yanch L. Ways to develop a subcorp of the writer’s text: structure and function of meta-markup // The JOURNAL of Philology: Science and Education. – 2024. - Vol. 193, №1. – P. 13-24. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph2>.

Н. АБДИКАРИМ

Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова, Астана,
Казахстан

А.Ш. АСКАРОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

К.М.УМБЕТБЕКОВА

Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

ВАЖНОСТЬ СОЗДАНИЯ ПОЭТИЧЕСКОГО ПОДКОРПУСА АБАЯ

Аннотация. В статье рассматривается важность морфологической разметки и маркировки стихотворений Абая по их поэтическим параметрам с использованием технологии лингвистического корпуса. Разработка корпуса по произведениям отдельного автора, т. е. по идиостильям, уже существует в мировой лингвистике. Также есть страны, где был создан поэтический корпус. Для создания корпуса стихов Абая был изучен опыт отдельных творческих личностей и стран, где был разработан поэтический корпус тюркского (башкирского), русского, чешского, персидского языков, проведен обзор всех научных работ в этом направлении.

Идиостиль – это система семантических и формальных лингвистических характеристик, присущих произведению конкретного автора. До настоящего времени большое внимание уделялось художественности и тематико-идейной стороне произведений Абая, т. е. значению и содержанию, изучались формально-лингвистические характеристики его поэзии с точки зрения традиционного стиховедения (количество слогов, строки стихов, ритм, строф, рифм и др.). В этой связи, в статье подчеркивается важность оцифровки поэтических произведений великого казахского поэта Абая Кунанбайулы в соответствии с современными запросами и превращения их не только в общий набор данных в базе данных, но и в активный источник, открывающий путь для широкого использования в образовании, обучении государственному языку в иноязычной среде, научных исследованиях и др.

Ключевые слова: Абай, поэзия, идиостиль, подкорпус, лингвистика, морфологическое тегирование, параметры стиха.

N. ABDIKARIM

National scientific and practical center named after Sh. Shayakhmetov,
Astana, Kazakhstan

A.SH. ASKAROVA

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

K.M. UMBETBEKOVA

Almaty technological University, Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF CREATION OF A POETIC SUBCORPUS OF ABAI

Annotation. The article discusses the importance of morphological marking and marking of Abai's poems according to their poetic parameters using linguistic corpus technology. In general, the development of a corpus based on the works of an individual author, i.e. on idiosyncrasies, already exists in world linguistics. There are also countries where a poetry corpus has been created. To create a corpus of Abai's poems, the experience of individual creative personalities and countries where the poetic corpus of the Turkic (Bashkir), Russian, Czech, Persian languages was developed was studied, and a review of all scientific works in this direction was conducted.

An idiostyle is a system of semantic and formal linguistic characteristics inherent in the work of a particular author. Until now, much attention has been paid to the artistry and thematic and ideological side of Abai's works, i.e. the meaning and content, the formal linguistic characteristics of his poetry have been studied from the point of view of traditional poetry (the number of syllables, lines of poetry, rhythm, stanzas, rhymes, etc.). In this regard, the article emphasizes the importance of

digitizing the poetic works of the great Kazakh poet Abai Kunanbayuly in accordance with modern requests and turning them not only into a common set of data in the database, but also into an active source, opening the way for widespread use in education, teaching the state language in a foreign language environment, scientific research, etc.

Keywords: Abai, poetry, idiostyle, subcorpus, linguistics, morphological tagging, verse parameters.

References

1. Til bilimi institutyyny korpysy. URL: <https://qazcorpus.kz/find/>
2. Til qazyna korpysy. URL: <https://best.qazcorpora.kz/>
3. Mengliye B.R., Hamroyeva Sh., Abdullayeva O. Scopus-based bibliometric analysis on corpus linguistics for the period of 2017-2021 // XVI International Scientific and Practical Conference "State and Prospects for the Development of Agribusiness – INTERAGROMASH 2023», DOI: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202341303008>
4. Bashkirskij pojeticheskij korpus // URL: <http://web-orpora.net/bashcorpus/search/>
5. Grudeva E.V. Korpusnaja lingvistika. Jelektronnyj resurs: uchebn. Posobie / E.V Grudev. – 2-e izd. Ster. – M.: Flinta, 2012. – 165 s.
6. Jubanov A.Q. Qoldanbaly lingvistika: qazaq tiliniń statistikasy: Oqý quraly. – Oqý quraly. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2004. – 209 b.
7. Plungjan V.A. Zachem nuzhen Nacional'nyj korpus russkogo jazyka? Neformal'noe vvedenie // Nacional'nyj korpus russkogo jazyka: 2003 – 2005. M.: Indrik, 2005. S. 12 – 17.
8. Korchagin K. M. Zachem nuzhen pojeticheskij korpus i kak ego ispol'zovat' // Russkaja rech'. 2019. – № 6. – S. 113–127.
9. Ahmetov Z.A. Kazahskoe stihoslozhenie (Problemy razvitija stiha v dorevoljucionnoj i sovremennoj poezii). 2-izd. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 446 s.
10. Baranhin V.B., Kozhemjakina O.Ju., Zabajkin A.V., Hajatova V.D. //Avtomatizacija kompleksnogo analiza russkogo pojeticheskogo teksta: modeli i algoritmy // Vestnik NGU. Serija: Informacionnye tehnologii. 2015. – T-13, №3. – S. 5-18.
11. Korchagin G.M. Orehov B.V. Bashkirskij jazyk HH veka. Korpusnoe issledovanie // Izvestija Rossijskoj Akademii nauk. Serija literatury i jazyka. – 2020. – T-79, №5–S.104-109. <https://izv-oifn.ru/s241377150012301-4-1/> DOI:10.31857/S241377150012301-4.
12. Amirbekova A.B., Mamyrbek G.M., Talgatqyzy G., Urakova Yanch L. Ways to develop a subcorp of the writer's text: structure and function of meta-markup // The JOURNAL of Philology: Science and Education. – 2024. - Vol. 193, №1. – P. 13-24. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph2>

Авторлар туралы мәлімет:

Әбдікәрім Нұрзия – филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана, Қазақстан.

Абдиқарим Нурзия – кандидат филологических наук, Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова, Астана, Казахстан.

Abdikarim Nurziya – Candidate of Philology, The National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna» named after Sh. Shayakhmetova, Astana, Kazakhstan.

Асқарова Алтынай Шәуәлиқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Асқарова Алтынай Шаулиевна – кандидат филологических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Askarova Altynai Shaulievna - Candidate of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Үмбетбекова Күләш Мұқарамқызы – Алматы технологиялық университетінің сеньор-лекторы, Алматы, Қазақстан.

Үмбетбекова Куляш Мукарамовна – сеньор-лектор Алматинского технологического университета, Алматы, Казахстан.

Umbetbekova Kulyash Mukaramovna – Senior-lecturer, Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan.